

"Жезқазған Эйр" ашық акционерлік қоғамы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 6 қараша N 1674

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Жезқазған Эйр" ашық акционерлік қоғамын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 8 маусымдағы N 717 Р990717_ қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен сенімгерлік басқарушының инвестициялар енгізуін осылай беру шарттарының бірі ретінде көздей отырып, кейіннен сатып алу құқығынсыз "Жезқазған Эйр"

ашық акционерлік қоғамы акцияларының 100 пайыз мөлшеріндегі мемлекеттік пакетін "Қазақмыс" корпорациясы" ашық акционерлік қоғамына сенімгерлік басқаруға беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Омарбекова А.Т.